

Оңтүстік Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 6 сәуірдегі № 104 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 27 сәуірде № 4576 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 1 маусымдағы № 133 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 01.06.2020 № 133 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына және 2004 жылғы 9 шілдедегі "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 25 сәуірдегі № 90 "Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2046-нөмірмен тіркелген, 2011 жылғы 24 мамырда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) және 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 395 "Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін бекіту туралы" Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 25 сәуірдегі № 90 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3478-нөмірмен тіркелген, 2015 жылғы 25 желтоқсанда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс

тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Оңтүстік Қазақстан облысында таралатын мерзімді басылымдарға жіберуді;

4) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.С.Жамаловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Ж. Түймебаев

Ә.Ш. Өсербаев

Ә.Е. Тұрғымбеков

Б.С. Жамалов

Е.Ә. Садыр

Ұ. Сәдібеков

Т.К. Сәрсембаев

А.С. Сәбитов

А.Б. Тасыбаев

Оңтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің
2018 жылғы 6 сәуірдегі
№ 104 қаулысына
қосымша

Оңтүстік Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесі

| № | Су айдындарының атауы | Орналасқан жері |
|----|--------------------------|-----------------|
| 1 | Ешкілі көлі | Арыс қаласы |
| 2 | Ащыкөл көлі | |
| 3 | Байырқұм көлі | |
| 4 | Шірік көлі | |
| 5 | Досан-Қарабас су қоймасы | Бәйдібек ауданы |
| 6 | Қапшағай су қоймасы | Қазығұрт ауданы |
| 7 | Көкібел су қоймасы | |
| 8 | Ағанай су қоймасы | |
| 9 | Рабат су қоймасы | Мақтарал ауданы |
| 10 | Копытное көлі | |
| 11 | Бөген су қоймасы | |

| | | |
|----|----------------------------------|------------------|
| 12 | Бөржар су қоймасы | Ордабасы ауданы |
| 13 | Теспе су қоймасы | |
| 14 | Ақшығанақ көлі | |
| 15 | Қалған көлі | |
| 16 | Аққұм көлі | |
| 17 | Сарыкөл көлі | Отырар ауданы |
| 18 | Көккөл көлі | |
| 19 | Аяккөл көлі | |
| 20 | Шошқакөл көлдер жүйесі | |
| 21 | Жүзімдік көлі | Сарыағаш ауданы |
| 22 | Үштөбе су қоймасы | |
| 23 | Шұқырой су қоймасы | |
| 24 | Аққолқа су қоймасы | |
| 25 | Қарақұр су қоймасы | |
| 26 | Ақсүмбе су қоймасы | |
| 27 | Таушаға су қоймасы | |
| 28 | Баба-ата су қоймасы | |
| 29 | Қызылкөл көлі | Созақ ауданы |
| 30 | Торлан су қоймасы | |
| 31 | Күмісті-1 су қоймасы | |
| 32 | Бақырлы су қоймасы | |
| 33 | Күмісті-2 су қоймасы | |
| 34 | Күркіреуік су қоймасы | |
| 35 | Таскенсаз су қоймасы | |
| 36 | Сүйіндік су қоймасы | |
| 37 | Шу өзені жайылма көлдерімен қоса | |
| 38 | Мәслихат көлі | |
| 39 | Тұщы көлі | |
| 40 | Камышовое көлі | |
| 41 | Шаршынкөл көлі | |
| 42 | Соркөл көлі | Түркістан қаласы |
| 43 | Тамдыөзек көлі | |
| 44 | Иіркөл көлі | |
| 45 | Тораңғыл көлі | |
| 46 | Көшқорған су қоймасы | |
| 47 | Ұзынбұлақ су қоймасы | Төлеби ауданы |
| 48 | Ащысу су қоймасы | |
| 49 | Шілтер су қоймасы | |
| 50 | Лебединная көлі | |
| 51 | Ақберді көлі | |
| 52 | Шардара көлі | |
| 53 | Пішентөбе көлі | |

| | | |
|----|----------------------------------|----------------|
| 54 | Айдаркөл көлі | Шардара ауданы |
| 55 | Баспанды көлі | |
| 56 | Аэродром көлі | |
| 57 | Байшығар көлі | |
| 58 | Қызылту көлі | |
| 59 | Қалғансыр көлі | |
| 60 | Жайсан көлі | |
| 61 | Алтын жағажай көлі | |
| 62 | Қоссейт көлі (№ 3 бөлімше) | |
| 63 | Ұзыната көлі (№ 5 бөлімше) | |
| 64 | Қазақстан көлі (№ 4 бөлімше) | |
| 65 | Қазақстан көлі (№ 5 бөлімше) | |
| 66 | Қазақстан № 1 көлі (№ 7 бөлімше) | |
| 67 | Қазақстан № 2 көлі (№ 7 бөлімше) | |
| 68 | Қазақстан көлі (№ 8 бөлімше) | |
| 69 | Тоғыс су қоймасы | Шымкент қаласы |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК